

Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 16 қазандағы № 994 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 18 қаңтарда № 12812 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-20) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға оның көшірмелерін жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е.А. Досаев _____

2015 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 16 қазандағы
№ 994 бұйрығымен бекітілген

Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 600 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-20) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сертификаттау және үлгі сертификатын беру және "Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) әзірлеуші – үлгі конструкцияға жауапты жеке немесе заңды тұлға;
- 2) зауыттық сынақтар – әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін, оның сипаттамаларын және пайдалану құжаттамасын сертификаттау базисінің талаптарына сәйкестігіне дейін жеткізу;
- 3) мемлекеттік сынақтар – азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін көрсету;
- 4) модификация – әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгілік конструкциясын өзгеруі;
- 5) орындаушы (дайындаушы) – әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін түпкілікті құрастыруға жауапты ұйым;
- 6) өтінім – өтініш берушінің уәкілетті ұйымға азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісіне үлгі сертификатын алу үшін өтініші;
- 7) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;
- 8) пайдалану құжаттамасы – әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу және техникалық пайдаланылуын регламенттейтін және пайдалану шектеулерінен, рәсімдері мен ұсынымдарынан тұратын құжаттама;
- 9) пайдалану сынақтары – жерде және әртүрлі климатикалық (физикалық) жағдайларда әуеде пайдалану процесінде кезіндегі әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін сынақ үлгісі;
- 10) уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласының тұрақты дамуын, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам;
- 11) ұсақ жөндеу – ірі болып табылмайтын кез келген жөндеу;
- 12) ұсақ модификация – ірі болып табылмайтын кез келген модификация;
- 13) үлгідегі конструкция – ұшуға жарамдылығын белгілеу мақсатында әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің түрін айқындау үшін қажетті деректер мен ақпарат жиынтығы;
- 14) үлгідегі сертификат – конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын және азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгідегі конструкциясын айқындайтын шет мемлекеттің немесе әуе кемелерінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйыммен, уәкілетті ұйыммен берілген құжат;
- 15) үлгі сертификатын ұстаушы – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымнан әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісіне үлгі сертификатын алған әзірлеуші;

16) ірі жөндеу – қоршаған ортаға байланысты сипаттамаларға немесе пайдалану сипаттамаларына және ұшу жарамдылығының басқа қасиеттеріне, қозғалтқыштың жұмысына, ұшу сипаттамаларына, конструкцияның беріктігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін жөндеуі;

17) ірі модификация – бұл қоршаған ортаға байланысты сипаттамаларға немесе ұшу жарамдылығына, басқа өнімнің сапасына немесе пайдалану сипаттамаларына, сенімділікке, ұшу сипаттамаларына, күш қондырғысының жұмысына, конструкция беріктігіне, масса мен орталықтандыру шектеулеріне елеулі немесе басқаша, үлгідегі сертификат берілген әуе кемесіне, қозғалтқышқа және әуе винтіне әсер ететін өзгерістер.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін сертификаттау үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласында төлемдер алу қағидалары) айқындалған тәртіпте төлем алынады.

Төлемақы мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі - Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері) бұйрығымен айқындалады.

Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін сертификаттау уәкілетті ұйым бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Сериялық шығару процесінде Үлгі сертификатын ұстаушы жұмыс бабындағы конструкторлық құжаттама кешендерін сақтауды ұйымдастырады және сериялы шығаруды, материалдар қасиетінің, технологиялық процестердің тұрақтылығын, сертификатталған үлгінің сериялы дайындалатын даналары үшін бөлшектер мен тораптар сипаттамаларының тұрақтылығын сақтауды ұйымдастырады.

5. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін зауыттық сынауды жүргізу басталғанға дейін әзірлеуші мен жасап шығарушы аталған дананың

жұмыс бабындағы конструкторлық куәландыратын формуляр, паспорт немесе оларға балама құжатты ресімдейді. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің мемлекеттік сынақтары көрсетілген құжаттар болған жағдайда ғана басталады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін зауыттық сынақтар әуе кемесі данасының, оның компоненттері мен жүйелерінің сынақ жүргізуге дайындығы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Әзірлеуші уәкілетті ұйымға әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің зауыттық сынақтар жүргізуге дайындығы туралы ақпаратты, метрологиялық қамтамасыз ету туралы есептерді және техникалық құжаттаманы жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Зауыттық сынақтар:

1) азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің, оның сипаттамаларын және пайдалану құжаттамасын күтілетін пайдалану жағдайындағы ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестікке жеткізу;

2) азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің ұшуға жарамдылығына әсер ететін айрықша жауапты функционалдық жүйелерінің (планер, шасси, басқару жүйесі, аэродинамикалық сипаттамалар, тежегіш, гидравликалық және басқа да жүйелер) үлгі конструкциясын белгілеу;

3) мемлекеттік сынақтарды жүргізу үшін азаматтық әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін әкелу мүмкіндігін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Зертханалық, стендтік, жер үстіндегі, ұшудағы және арнайы сынауды қоса алғанда, зауыттық сынаудың бағдарламасын әзірлеуші әзірлейді және ол тіркелген сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

10. Егер азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің анықталған сәйкессіздіктері мен кемшіліктері кезінде зауыттық сынақтарды одан әрі жүргізу тәуекелмен байланысты екендігі белгіленсе, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сынақтарды тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды. Зауыттық

сынақтар әзірлеуші анықталған сәйкессіздіктерді жойып, растау құжаттарын ұсынғаннан кейін қайта жаңартылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін мемлекеттік сынау уәкілетті ұйымның қатысуымен әзірлеуші бекіткен жоспарға сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік сынақтар жүргізілетін мерзімдер туралы әзірлеуші сынақтар басталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын уәкілетті ұйымды хабардар етеді. Мемлекеттік сынақтардың нәтижесі бойынша уәкілетті ұйым мен әзірлеуші еркін нысанда бірлескен қорытынды дайындайды.

Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін пайдаланып сынақтарды әзірлеуші әзірлеген және бекіткен кестеге сәйкес әзірлеуші әртүрлі климаттық (физикалық) жағдайларда өткізеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтары аяқталғаннан кейін әзірлеуші уәкілетті ұйымға мынадай құжаттарды:

1) азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің әзірлеуші бекіткен ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігінің зауыттық және пайдалану сынақтарының нәтижелері бойынша түзетілген кестесін;

2) зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарының нәтижелері бойынша нақтыланған пайдалану құжаттамасының жиынтығын;

3) әуе кемесі, қозғалтқыш және әуе винтінің үлгісінің жұмыс бабындағы конструкторлық құжаттамасының бақылау және ағымдағы жиынтықтары (жиынтықтардың нөмірлері көрсетіледі) зауыттық және пайдалану сынақтары жұмыстарының нәтижелері бойынша түзетілгені, әуе кемесі, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің үлгідегі конструкциясын көрсететіні, осы үлгідегі әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін сериялық шығару үшін жарамды екені, бекітілгені және өтініш беруші мен әзірлеушіде сақталатыны туралы хабарламаны жібереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Пайдаланушы конструкцияға және пайдалану құжаттамасына қандай да бір өзгерістерді осы өзгерістерді тек Үлгі сертификатын ұстаушымен келісім бойынша ғана енгізеді.

14. Азаматтық әуе кемелеріне, қозғалтқыштарға және әуе винттеріне Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 ж.) (бұдан әрі – Конвенция) 16-қосымшасында белгіленген қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар қолданылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар азаматтық әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін сертификаттау нормаларына дербес бөлімдер ретінде енгізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Азаматтық әуе кемесі, қозғалтқыш және әуе винті үлгісінің қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарға сәйкестігі Жергілікті жердегі шуыл бойынша әуе кемесінің үлгі сертификатымен куәландырылады. Әзірлеуші мемлекетпен берілген Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, қозғалтқыш эмиссиялары жөніндегі сондай-ақ басқа мемлекеттің уәкілетті сертификаттайтын ұйымы берген эмиссиялары жөніндегі сертификатты оған сәйкес сертификация жүргізілген талаптар Конвенцияға 16-қосымшаның 2-томында жазылған ережеге қарағанда қатаң емес болып табылатын жағдайда сертификаттарды таниды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Сертификаттау және үлгі сертификатын беру тәртібі 1-параграф. Сертификаттауды жүргізу

17. Сериялы шығаруға арналған жаңа конструкциядағы (жаңа үлгідегі) азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұшуға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін уәкілетті ұйым сертификаттауға тиіс және ол зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін оның уәкілетті ұйым берген үлгідегі сертификаты болуға тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Сертификаттау жұмыстары және үлгі сертификатын беру (Дос. 9760) "Ұшу жарамдылығы бойынша нұсқау" ИКАО құжатының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Үлгі сертификатын алу үшін әзірлеуші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінімді және осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Портал арқылы жүгінген кезде, әзірлеушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Әзірлеуші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлігі, ұшуларды орындау құқығына куәлігі туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды әзірлеушіден талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-1. Уәкілетті ұйым құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-2. Құжаттарды қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 18-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-3. Әзірлеуші порталға Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификаты беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынбаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Әзірлеуші Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым әзірлеушінің және ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің сәйкестігін тексереді және осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфына сәйкес сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-параграф. Шет мемлекетімен берілген үлгі сертификатты тану

19. Әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйыммен, шет мемлекет берген үлгі сертификаты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, оған сәйкес үлгі сертификаты берілген талаптар Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) талаптары мен стандарттарына және Қазақстан Республикасында белгіленген ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес болған жағдайда танылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің сертификаттық тексеру және үлгі сертификатын беру (беруден бас тарту)

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Авиациялық инспекторлар үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқамалық материалды пайдалана отырып сертификаттық зерттеу жүргізіледі.

21. Сертификаттық зерттеуді жүргізу кезінде мыналар жүзеге асырылады:

- 1) әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгілік конструкциясы;
- 2) жабдықтың, бекітілетін тораптар және тағы басқалар;
- 3) ұшу-техникалық сипаттамасы;
- 4) ұшуды сынау құжаттамасы;
- 5) пайдалану шектеулері;
- 6) жабдықтың және өнімнің кескіндерінің сызбалары мен ерекшеліктері.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларының талаптарына конструкциялардың сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған)

23. Сертификаттық тексеру жүргізу басталғанға дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын әзірлеушіге сертификаттау рәсімінің басталу күні, ықтимал өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және оларға сәйкес сертификаттық тексеру жүзеге асырылатын халықаралық ұйымдар құжаттарының тізбесі туралы ақпаратты қамтитын еркін нысандағы хабарлама әзірлеушінің "жеке кабинетіне" портал арқылы жіберіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.08.2021 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы актіге (бұдан әрі – акт) әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің нақты жай-күйін, тұжырымдарды, ұсынымдарды және үлгі сертификатын беру мүмкіндігі (

мүмкін еместігі) туралы қорытындыны көрсете отырып, екі данада қол қойылады, актінің бір данасы әзірлеушіге уәкілетті ұйымның кеңсесі немесе әзірлеушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Уәкілетті ұйым әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің үлгі конструкциясының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін белгілейтін зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарының оң нәтижелері және үлгі сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытынды негізінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер картасын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес үлгі сертификатын ресімдейді немесе үлгі сертификатын беру мүмкін еместігі туралы қорытынды негізінде үлгі сертификатын беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің негізгі талаптардың тізбесінде 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Үлгі сертификаты шектеусіз мерзімге беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі уәкілетті ұйымның кеңсесі арқылы не әзірлеушінің порталдағы "жеке кабинетіне" уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік анықталған жағдайда, әзірлеуші оны жою шартымен актіге қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды жою жөніндегі түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынады.

Әзірлеушінің анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша әзірлеуші ұсынған шаралары негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде түзету іс-қимылдарының жоспары бекітіледі не оның себептерін негіздей отырып, пысықтауға қайтарылады.

Уәкілетті ұйым түзету іс-қимылдары жоспарында көрсетілген мерзімді әзірлеуші оны өзгерту қажеттілігі туралы негіздеме ұсынған шарттарды ұзартады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Уәкілетті ұйым әзірлеушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) түзету іс-қимылдарын жоспарда белгіленген мерзімде орындауын бақылайды.

Егер әзірлеуші түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспарын осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынбаса немесе түзету іс-қимылдарын жоспарда белгіленген мерзімде орындамаса, уәкілетті ұйым үлгі сертификатын беруден бас тартады.

Анықталған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін әзірлеуші уәкілетті ұйымның тексеру үшін растаушы құжаттаманы қоса бере отырып, жоспарда белгіленген мерзімде түзету іс-қимылдарын орындау туралы еркін нысандағы анықтаманы ұсынады.

Тексерудің оң немесе теріс қорытындысының нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 24-тармағының екінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ресімделеді және осы Қағидалардың 24-тармағының төртінші бөлігінде көрсетілген тәсілмен әзірлеушіге жіберіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін пайдаланудан алған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым шешімімен осы үлгіге Үлгі сертификатының күші жойылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Азаматтық әуе кемесі, қозғалтқыш және әуе винті үлгісінің бекітілген конструкциясы (үлгілік конструкциясы) немесе пайдалану-техникалық құжаттамасы

өзгеріп, ол ұшуға жарамдылығына әсер еткен кезде әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің бұл түрін үлгі сертификатын қосымша алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қосымша сертификаттауға жатады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Бастапқы әзірлеуші болып табылмайтын ӘК модификациясын әзірлеушілер үшін әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгілік конструкциясындағы басты өзгерістерге қосымша үлгі сертификатын (ҚҮС) беру үшін ҚҮС берудің (немесе танудың) қажетті шарты әуе кемесін, қозғалтқышты және әуе винтін әзірлеуші мен өтінім беруші арасында ҚҮС-на авторлық сүйемелдеу үшін жауапкершілікті бөлу туралы келісімнің болуы қажет.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-1. Сервистік бюллетень немесе үлгі сертификатты ұстаушы шығарған баламалы құжат шығарумен қамтылатын үлгідегі конструкцияның өзгерістері уәкілетті ұйым таныған деп есептеледі:

1) үлгінің конструкциясын өзгертуді әзірлеуші мемлекет әуе кемесіне, қозғалтқышына және әуе винтіне арналған үлгі сертификатты тану туралы шешімде көрсетілген үлгідегі қолданыстағы сертификаттау стандарттарына сәйкес бекітеді;

2) қолданыстағы үлгідегі конструкциямен және әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің жөндеу жай-күйімен үйлесімділіктің техникалық дәлелдемелері бар;

3) үлгідегі конструкцияны өзгерту және жөндеу үшін ұшуға жарамдылығын сақтау жөніндегі нұсқаулық қол жетімді және тиісті техникалық қызмет көрсету бағдарламасына енгізілген.

Ескерту. Қағида 30-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-2. Әуе кемесі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген кезде әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі конструкциясының бұрын орындалған барлық өзгерістері осы әуе кемесі үшін:

1) үлгідегі конструкцияның өзгеруі әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын қолдау жөніндегі есепке алу жүйесінде ұшуға жарамдылық сертификатын бастапқы беру сәтінде тіркелген;

2) үлгідегі конструкцияның өзгеруі ұшуға жарамдылықтың қолданылатын нормаларына сәйкес келетіндігін растау бар;

3) ұшуға жарамдылықтың экспорттық сертификаты әуе кемесінде, қозғалтқышта және әуе винтінде белгіленген үлгідегі конструкцияның барлық осындай өзгерістерін

қамтыған шаттрада, "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) ұшуға жарамдылық сертификатын беру жолымен танылған болып есептеледі.

Ескерту. Қағида 30-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-3. Уәкілетті ұйым азаматтық авиация саласындағы шетелдік ұйым әзірлеген ірі модификацияны немесе ірі жөндеуді модификациялау немесе жөндеу шартымен таниды:

1) үлгі сертификатын берген және оның негізінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты берілген үлгі сертификатты тану туралы шешімде көрсетілген әзірлеуші мемлекет бекіткен;

2) негізінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты берілген үлгі сертификатын тану туралы шешімде көрсетілген үлгідегі сертификатты беретін мемлекет болып табылмайтын әзірлеуші мемлекет бекіткен және ол әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын тиісті деп тану туралы шешімде көрсетілген, қолданыстағы үлгі сертификатының стандарттарына сәйкес келетіні жарияланған ұйым немесе жеке тұлға сертификаттаған;

3) екі жақты келісімге сәйкес әзірлеуші мемлекет бекіткен, оның негізінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты берілген үлгідегі Сертификатты тану туралы шешімде көрсетілген үлгі сертификаты берілген.

Ескерту. Қағида 30-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бұйрығының талаптарына сәйкес "Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік үш күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген

өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, көрсетілетін қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-1. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-1-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өзірлеушінің шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-2. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген әзірлеушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық нысанда берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 31-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұру

33. Ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін кемшіліктер табылған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұрады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігіне қауіп төнген кемшіліктерді анықтаған жағдайында, аталған кемшіліктерді жойғанға дейін Үлгі сертификатының күші тоқтата тұрады.

34. Үлгі сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қабылданған шешім туралы әуе кемесінің,

қозғалтқыштың және әуе винтінің осы үлгісін пайдаланатын әзірлеуші мен пайдаланушы, сондай-ақ аэронавигациялық ақпарат қызметіне дереу хабарлайды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Әзірлеуші анықталған кемшіліктерді жойып, әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларының талаптарына сәйкестігін растайтын зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынақтар өткізілгеннен кейін ғана Үлгі сертификатының қолданысын қалпына келтіруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сертификаттауды жүргізуді және үлгі сертификат беруді сұраймын

Түрі _____

Мақсаты _____

Шығарылған күні _____

Дайындаушының атауы _____

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер (занды тұлға/ жеке тұлға):

БСН/ЖСН _____

Мекенжайы _____

Телефон _____ Факс: _____

Электрондық пошта мекенжайы (бар болса) _____

Егер әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтін әзірлеуші жеке тұлға болса:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) _____

Егер Әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтін әзірлеуші заңды тұлға болса:

Ұйымның толық атауы _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефоны _____

3. ӘК, қозғалтқыштың және әуе винтінің данасының орналасқан жері _____

4. Салмағы, кг _____. Туралау, % САХ _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
1-1-қосымша

"Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру"
мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 1-1-қосымша толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	Үлгі сертификатын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгі сертификатын беру – " Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем

		мөлшерлемелеріне және азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларына сәйкес ақылы.
7	Жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30-дан 17.30-ға дейін
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Төменде көрсетілген құжаттардың тізбесіне сәйкес өтінім және құжаттардың электрондық көшірмелері: 1) ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулық; 2) формулярлар; 3) материалдың негізгі өлшемдері мен маркалары көрсетілген негізгі күш тораптарының, оның ішінде қанатын бекіту, тірек тораптарының, қозғалтқыштың, шассидің сызбалары (эскиздері); 4) отын және тежегіш жүйелерінің, электр жабдығының, басқару жүйесінің схемалары; 5) үлгінің фотосуреттері (алдынан, жанынан, артынан) жоғарыдан; 6) әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісін зауыттық, мемлекеттік және пайдалануда сынау нәтижелері; 7) схемалар, жүйелер, негізгі сипаттамалар, пайдаланудың межелеген шарттары мен диапазонында үлгі сертификатталатын шектеулер қысқаша баяндалған техникалық

		құжаттаманы, сондай-ақ ұшуға жарамдылық нормаларының осы үлгіге қолданылатын тарауларының, бөлімдері мен тармақтарының, оның ұшуға жарамдылығына қатысты арнайы техникалық шарттардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың тізбесі; 8) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттардың мемлекеттік қызметті алу үшін және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалармен және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларымен айқындалған талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот

		шешімі (үкімі) болған жағдайларда
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі – "www.transport.gov.kz," Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі, "Азаматтық авиация комитеті" бөлімі. Қызмет алушы: мемлекеттік қызметті электрондық түрде портал арқылы ЭЦҚ-сы болған жағдайда ала алады; мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
1-2-қосымша
Нысан

Әуе кемесінің, қозғалтқыштың, әуе винтінің ұшу жарамдылығы нормаларына үлгінің сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы акт

Ескерту. 1-2-қосымша толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Бұйрыққа сәйкес _____
(уәкілетті ұйымның атауы)

"__" _____ 20__ құрамындағы комиссия:

Төраға: _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Комиссия мүшелері:

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісінің пайдалану құжаттамасын сараптау және ұшуға жарамдылығын бағалау нәтижелері бойынша құжаттамасын сараптау және ұшу құжаттамасын бағалау нәтижелері бойынша

Қорытынды мәтіні:

Төраға:

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Комиссия мүшелері:

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Актімен таныстым:

Ұйым басшысы

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Рәміз Уәкілетті ұйымның атауы Уәкілетті ұйымның мекенжайы _____
_____ (Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті
ұйымның атауы) ҮЛГІ СЕРТИФИКАТЫ № _____

Осы сертификат _____ берілді

(ұйымның/заңды тұлғаның атауы)

_____ үлгілік конструкциясы

(әуе кемесі үлгісінің атауы)

азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландырады.

Үлгінің негізгі пайдалану шектеулері мен сипаттамаларын ол осы сертификаттың

ажырамас бөлігі болып табылатын деректер картасында қамтылады.

МО

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті

ұйымның қызметкері _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Берілген күні: 20__ж. " __ " _____

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Деректер картасы Жалпы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.03.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің үлгісі _____
2. Әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің моделі _____
3. Дайындаушы _____
4. Дайындау орны _____
5. Дайындаудың ерекшеліктері _____
6. Экипаждың ең аз құрамы _____
7. Жолаушылардың ең көп саны _____
8. Багаждың ең көп саны _____
9. Жүктің ең көп саны _____

Геометриялық деректер

1. Қанаттың құлашы, м _____
2. Қанаттың алаңы, шаршы м _____
3. ОАХ, м _____
4. Қанаттың тарылуы _____
5. Қанат қондырғысының бұрышы, градус _____
6. Көлденең V қанатының бұрышы, градус _____
7. Қатаң бейінінің үлгісі және салыстырмалы қалыңдығы, % _____
8. Элерондардың алаңы, шаршы м _____ элерондардың құлашы, м _____
9. Жалғасқанатшалардың алаңы, шаршы м _____
- Жалғасқанатшалардың құлашы, _____
10. Келденең қанаттанудың құлашы, м _____
11. Көлденең қанаттанудың алаңы, шаршы м _____
12. Көлденең қанаттанудың иығы, м _____
13. Тұрақтандырғыш орнату бұрышы, градус _____

14. Жоғары руль алаңы, шаршы м _____
15. Жоғары рульдің ауытқу бұрышы, градус: жоғары _____ төмен _____
16. Тігінен қанаттану алаңы, шаршы м _____
17. Тігінен қанаттану иығы, м _____
18. Бағыттау рулінің алаңы, шаршы м _____
19. Бағыттау рулінің ауытқу бұрышы, градус: солға _____ оңға _____
20. Фюзеляждың ұзындығы, м _____
21. Фюзеляждың ұшқыш кабинеті бойынша ені/биіктігі, м _____
22. Шассидің колеясы/базасы, м _____
23. Дөңгелектердің мөлшері, мм: негізгі _____ басындағы (ұшындағы) _____

Салмақ деректері

1. Бос әуе кемесінің салмағы, кг _____
2. Бос тепе-теңдікте, % ОАХ _____
3. Ең көп ұшу салмағы, кг _____
4. Қону салмағы, кг _____
5. Ұшу тепе-теңдіктеларының диапазоны, % ОАХ _____
6. Отын құю, кг _____
7. Май құю _____
8. Пайдалы жүктеме, кг _____

Күш қондырғысы

1. Қозғалтқыштың үлгісі мен моделі _____
2. Ең жоғары қуаты, а.к. _____
3. Қозғалтқыштың айналымы, айн./мин. _____
4. Әуе бұрандасының диаметрі, м _____
5. Қалақ қондырғысының бұрышы, градус _____
6. Бұранданың статикалық тартуы, кг _____
7. Күш қондырғысының ерекшеліктері (редуктордың, қозғалтқышты пысықтаудың және т.б. болуы) _____

Ұшу сипаттамалары

1. Штильдің екпіннің ұзындығы, м _____
2. Көлденең ұшудың ең жоғары жылдамдығы, км/сағ. _____
3. Крейсер жылдамдығы, км/сағ. _____
4. Жерден көтерілу жеделдігі, м/с _____
5. Құлау жылдамдығы, км/сағ. _____
6. Ұшу кезінде жерден алшақтау жылдамдығы, км/сағ. _____
7. Қону жылдамдығы, км/сағ. _____

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру
қағидаларына
3-қосымша

Түзету іс-қимылдарының жоспары

Тармақ	Нормативтік құқықтық актілерге талаптар	Сәйкессіздік	Жою мерзімі	Түзету іс-қимылы	Құжаттар	Жабу күні
Ескертпе: тексерілетін авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның пікірлері мен жауаптары үшін сұр бояуы бар колонка жасалды.						
Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы үшін баған :						
Сәйкессіздіктерді жабу бойынша шешім қабылдау						
Пікірлер						
Қолы:						
Күні:						
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда Т.А.Ә.):						